

ЖАҢАЛЫҚТАР

"Әділет" атынан Құрылтай депутаттығына ұсынылғандар тізімі жарияланды

27 тамыз 2026 жыл, 11:11



10 шілде 2026 жыл.

27 тамызда “Әділет” партиясы атынан Құрылтай депутаттығына ұсынылғандар тізімі жарияланды. 110 үміткердің 20-ы алдыңғы мәжілісте партия атынан депутат болған. Жалпы тізімде парламентте депутаттық тәжірибесі бар 24 адам бар.

“Депутаттардың 37-сі әйел (33,6%), 13-і жас (11,8%), 2-еуі ерекше қажеттіліктері бар адам (1,8%). 21-і (19%) – өзге ұлт өкілі. Орташа жасы – 46,7 жас” деп жазылған партия хабарламасында.

«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМІ БОЙЫНША САЙЛАНҒАН ҚР ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫ

Авершин Константин Викторович	Беркімбаев Берік Серікұлы	Жансегіров Арман Серікұлы	Петров Константин Викторович	Тілемісов Тұрарбек Тілемісұлы
Адаев Ербол Дәнісұлы	Болыгерт Евгений Андреевич	Жаманқұлова Қарлығаш Қалибекқызы	Пономарёв Сергей Михайлович	Теренченко Илья Сергеевич
Адамбеков Тілектес Серікбайұлы	Бұршақов Сатыбалды Ересұлы	Жамалов Бауыржан Салдарұлы	Пулатов Шерзод Аббозович	Тоқсылық Ерлан Бейсекұлы
Аймағамбетов Асхат Қанатұлы	Байбеков Шалқар Заманбекұлы	Жүкебаев Алматы Отаубайұлы	Рамазанова Наталья Сергеевна	Топыбаев Нұрлан Әлішерұлы
Аймағанова Айжан Талғатқызы	Бәзенов Айрат Бәзеноұлы	Жылқыбаева Ләззат Әуезханқызы	Рокин Максим Николаевич	Шалақ Үмітала
Алтай Абай	Балташева Айнагүл Қыдырбайқызы	Зәкиева Динара Болатқызы	Рымжанов Мәди Рысбекұлы	Шаталов Никита Сергеевич
Алтабаева Гүлзира Нұржанқызы	Бақытбекұлы Нұркен	Имашева Снежанна Валерьевна	Савельева Татьяна Михайловна	Шибұтов Марат Мақсұмұлы
Атамқұлова Гүлнәз Төреханқызы	Баялышбаев Елдос Қайырбекұлы	Қарабасова Лаура Шалайқызы	Сайыров Ерлан Бияхметұлы	Щербаков Станислав Александрович
Ахмедиев Дархан Мейрамұлы	Годунова Наталья Николаевна	Қаринова Шолпан Тақатқызы	Сарым Айдос Өмірқоллаұлы	Маралов Дәурен Өділмырзаұлы
Адамбек Кендебай Сарыбайұлы	Дадебай Айбек Арқабайұлы	Қайырова Әсел Әнуарқызы	Смышляева Екатерина Васильевна	Мұсылманбек Ерқанат
Амантайұлы Жарқынбек	Данилов Александр Сергеевич	Қожаниязов Серік Салауатұлы	Сүгірбай Аят Исатайұлы	Мұхамбетов Муратбек Қайырсапұлы
Әбдікәшов Алматы	Данагүлов Ербол Жәткергенұлы	Қамалов Мейрамбай Тамабайұлы	Сұлaimонова Русана Русланқызы	Медведева Дана Теміртайқызы
Әміргалиев Мадияр Орынтайұлы	Данбаева Жұдыз Сейтқамзаққызы	Кәрібек Дәулет Жамаубайұлы	Сүлейменова Айсулу Қанатқызы	Нахбаева Гүлжан Сайфуллинқызы
Әлімқұлов Бекжан Мұхиддинұлы	Ділдібек Дидарбек Жұмағалиұлы	Қожаев Марат Шәдетханұлы	Сағынов Замир Садықұлы	Нарымбетов Бахадыр Мадалыұлы
Әшімова Аяужан Тұрсынбекқызы	Дұлатбеков Нұрлан Орынбасарұлы	Қожахметова Ләззат Таймырқызы	Сөбасов Марат Бақбергенұлы	Найымбекова Айжан Ізбасқанқызы
Әшімжанов Жанарбек Садықмұлы	Ералиев Бегалы Ералыұлы	Қулиева Замира Закировна	Семидоцких Елена Александровна	Нұрмұхамедов Беріхан Жолбарысұлы
Баденова Әсел Жанболатқызы	Ерназар Шынасыл Жекісұлы	Кучинская Юлия Владимировна	Темірбаева Айжан Маратқызы	Ниязалиев Нұржан Әуезұлы
Байсақова Зүлфия Мұхамедбекқызы	Есіманов Сұлғат Қуатұлы	Қазақбекұлы Дихан	Тен Ирина Сергеевна	Нұрғалиев Ербол Жолдасбекұлы
Басин Вадим Борисович	Ескендірова Ақерке Нұрғалиқызы	Оспанбеков Өмірбек Қанатбекұлы	Тоқтамұрат Армангүл	Халықов Арман Қобыландыұлы
Батырбеков Ерлан Ғаділетұлы	Елеусізова Бота Серікқызы	Оспанов Шота Сәбитбекұлы	Талаева Тәттігүл Жақсыбайқызы	Хайруллин Арман Ғабидоллаұлы
Башымов Марат Советұлы	Ералиев Мағжан Абзалұлы	Өрісбаев Аббат Жаңгірханұлы	Теңізбаев Нұрбақыт Молдахметұлы	Хайруллин Мұса Қарашұлы
Бекқазаров Нұрлан Құдиярұлы	Ергешбек Нұрсаяқ Ергешбекұлы	Перепечина Ольга Валентиновна	Тамашек Өмірқайыр Ғалымұлы	Ысқақова Айжан Төлеуқызы

Web Screenshot

"Әділет" партиясы атынан Құрылтай депутаттығына ұсынғандар.

Партияның хабарлауынша, партиялық тізім Құрылтайдың бірінші шақырылымы депутаттарын ресми тіркеу үшін орталық сайлау комиссиясына жөнелтілген.

Бейсенбі күні президент Қасым-Жомарт Тоқаев "Әділет" партиясы атынан депутаттар тізіміне енген бірқатар мемлекеттік қызметкерді лауазымдарынан босатты. Бұлар:

Сатыбалды Бұршақов — Қазақстанның Солтүстік Македониядағы елшісі

Дархан Ахмедиев — қорғаныс министрінің орынбасары

Абай Алтай — президент іс басқарушысының орынбасары

Ербол Адаев — президент әкімшілігінің жалпы бөлімінің меңгерушісі.

Олар аталған қызметтерінен босатылды.

Бір күн бұрын өзге төрт партия Құрылтай депутаттығына ұсынылғандардың тізімін жариялаған. Respublica партиясының тізімінде – 9, "Ақ жолда" – 8, ЖСДП-да – 8, "Ауылда" 10 үміткер бар.

- 23 тамызда бір палаталы Құрылтай депутаттарын сайлау өтті. Ресми қорытынды бойынша, сайлауда биыл бірнеше ай бұрын тіркелген жаңа "Әділет" партиясы сайлаушылардың шамамен 71 пайыз дауысын алған. Оған

сәйкес, сонымен бірге бес пайыздық межені "Әділеттен" бөлек, тағы төрт партия: "Ауыл", Respublica, "Ақ жол", ЖСДП бағындырған.

- Құрылтай сайлауын бақылаған Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) миссиясының өкілдері 24 тамызда көпшілікке **таныстырған** алдын ала қорытындысында Қазақстандағы сайлау "саяси плюрализмі аз ортада өткені" айтылған. Миссия өкілдері "саяси додаға түскен партиялардың бәрі қазіргі президенттің саясатын қолдағандықтан, айқын саяси балама болмағанын, соның салдарынан саяси таңдау мүмкіндігі шектелгенін" **атап өтті**.
- Президент Тоқаев сайлауға дауыс беру күні қарсаңында телеарнадан жасаған үндеуінде биылғы "сайлау науқаны мазмұнды, ашық, бәсекеге толы болғанын" айтып, бұл сайлау "ел тарихындағы ең тартысты науқандардың бірі ретінде есте қалатыны анық" деп **мәлімдеген еді**.
- Ертең, 28 тамызда Құрылтайдың алғашқы отырысы өтеді.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ